

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 58 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 357 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 29, 376-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі туралы ережеде:

11-тармақта:

жиыrmасыншы абзацта "қатысады." деген сөз "қатысады;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік авиация қызметі саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.";

12-тармақта:

жиырма үшінші абзацта "қамтамасыз ету." деген сөз "қамтамасыз ету;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"мемлекеттік авиация қызметі саласындағы бақылауды жүзеге асыру;

мемлекеттік авиациядағы әуе кемелері ұшуларының қауіпсіздігін қадағалауды жүзеге асыру."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

